

**Ақтөбе облыстық мәслихатының
Ш Е Ш І М І**

Ақтөбе қаласы

№48

2021 жылғы 17 мамыр

Облыстық мәслихаттың депутаттық өкілеттіктер және этика, заңдылық, құқық тәртібі мәселелері және жұртшылықпен жұмыс жөніндегі тұрақты комиссиясы қызметінің мәселелері бойынша кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 12-бабының 1-тармағына сәйкес Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Облыстық мәслихаттың депутаттық өкілеттіктер және этика, заңдылық, құқық тәртібі мәселелері және жұртшылықпен жұмыс жөніндегі тұрақты комиссиясы қызметінің мәселелері бойынша кейбір шешімдеріне келесідей өзгерістер енгізілсін:

1) Облыстық мәслихаттың 2021 жылғы 14 қаңтардағы №5 «Облыстық мәслихаттың тұрақты комиссияларын құру туралы» шешімінде:

3-тармақ келесідей редакцияда мазмұндалсын:

«3. Облыстық мәслихаттың заңдылық, құқық тәртібі және жұртшылықпен жұмыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы».

2) Облыстық мәслихаттың 2021 жылғы 14 қаңтардағы №8 «Облыстық мәслихаттың депутаттық өкілеттік пен этика, заңдылық, құқық тәртібі және жұртшылықпен жұмыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының құрамы туралы» шешімінде:

шешімнің атауындағы және барлық мәтіні бойынша «депутаттық өкілеттіктер және этика» деген сөздер алынып тасталсын;

«КӨЗДІҒАРИН
Берік Ерболұлы

«Nur Otan» партиясынан депутат»

деген жол алынып тасталсын.

**Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы**

**Облыстық
мәслихаттың хатшысы**

А. АЙТЖАНОВ

А. НУГМАНОВ